



№77 (10170)
11 қазан,
сенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттіміз



Президент

ТМД – сенімді арттырудың халықаралық тетігі

Қазақстан Президенті ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысында сөз сөйледі. Жиынға қатысушыларға ілтипат білдірген Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытып, саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырған тәжік тарапы мен Президент Эмомали Рахмонға алғыс айтты. Сондай-ақ ол Тәжікстанның табысты төрағалығы Ұйымның әлеуетін нығайтуға, көпжоспарлы ынтымақтастықты тереңдетуге сеп болғанын жеткізді, бұл саммит Қазақстанда халықаралық беделді ұйым саналатын ТМД жұмысына үлкен серпін беретінін де жасырмады.

Президенттің пікірінше, ТМД жаңа тарихи жағдайда мемлекеттер арасындағы сенімді арттырудың халықаралық тетігі ретінде сұранысқа ие құрылым екенін дәлелдеді. Достастықтың 35 жылдығы қарсаңында Мемлекет басшысы елдер арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытуға және Ұйым қызметін ілгерілетуге бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды. Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру негізгі басымдықтардың бірі болып қалуға тиіс екенін айтты.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша ТМД елдері сауда айналымының жалпы көлемі 8 пайыз ұлғайып, 110 миллиард долларға жетті. Сонымен қатар соңғы бес жылда Қазақстанның Достастық мемлекеттерімен алыс-берісі бір жарым есе өсіп, 38 миллиард долларды құрады. Бұл көрсеткіш Ұйымның сауда-экономикалық әлеуетін танытады және әлі де мүмкіндіктердің бар екенін байқатады. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға қажетті институттық және құқықтық базамыз бар. Өзара тиімді талаптарға сай қызмет көрсету нарықтарына тікелей әрі кедергісіз қолжетімділікті кеңейтуге, бірлескен өндірістерді іске қосуға, негізгі салалардағы кооперациялық байланыстарды күшейтуге баса мән беру керек деп санаймыз. Инвестиция тарту, көлік-транзит әлеуетін тиімді пайдалану, цифрлық шешімдер енгізу және өңірлердің тең дәрежелі байланыстарын дамыту басымдықтардың қатарында болуға тиіс.



ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономикалық өсімін қамтамасыз етудің тың мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынамыз. Мұны келесі жылы сәуір айында БҰҰ аясында Астанада өтетін халықаралық форум алаңында ұйымдастыруға болады. Жиын қауіпсіздік пен дамудың қазіргі сын-қатерлерінің, сөйтіп-салдарын зерделеуге арналады. Осылайша ТМД-ның жетекші сарапшылары қазіргі уақыттың қиын проблемаларын шешуге үлес қоса алар еді. 2026 жылы Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ органына төрағалық етеді. Еліміздің төрағалығы аясында бірқатар маңызды іс-шара жоспарланған, соның ішінде Еуразиялық экономикалық форум ұйымдастырылмақ. Орайлы сәтті пайдаланып, құрметті әріптестерімді, сондай-ақ ТМД елдері үкіметтерінің мүшелері мен бизнес өкілдерін форум жұмысына белсенді қатысуға шақырамын. Аталған алаңда елдерімізге қатысты ортақ мәселелер қарастырылатынын ескере отырып, оған ЕАЭО мен ТМД-ның бірлескен іс-шарасы мәртебесін беруді қарастыруды ұсынамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент белсенді жұмыс істейтін келік дәліздері табысты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың көпірі екенін атап өтті. Біздің аймақ Еуропа мен Азияны жалғап, жahanдық көлік-логистика жүйесінде ерекше рөл атқарып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллект мемлекеттердің орнықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторына айналғанына мән берді. Қазақстан мемлекеттік басқару, әлеуметтік сала мен азаматтардың тұрмыс-тіршілігін қамтитын цифрлық күн тәртібін жедел ілгерілетіп келеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды, Цифрлық кодексе бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ аталған саладағы барлық бастама мен жобаны ұлттық стратегияға біріктіретін Цифрлық Қазақстан тұжырымдамалық құжаты әзірленуде. Президент еліміз ТМД мемлекеттерімен осы саладағы ынтымақтастыққа ашық екенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы жуырда елімізде жасанды интеллект саласына маманданған университет құру жөнінде шешім қабылдағанына тоқталды. Бұдан бөлек 400 мың студентті қамтып, зерттеушілер командасы мен DeepTech стартаптарының қалыптасуына қолайлы жағдай жасайтын мемлекеттік бағдарлама табысты жүзеге асырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы жобаны кеңінен таратуды ұсынып, жahanдық нарықтағы қатаң бәсеке жағдайында жұмыс істеуге қабілетті мамандардың жаңа буынын даярлау мақсатында Қазақстанның Достастық елдерімен ынтымақтастық орнатуға өзін екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы экологиялық қауіп, табиғи және техногендік апаттар ТМД елдерінің орнықты дамуына зор қатер төндіреді деп санайды. Президенттің айтуынша, мұндай жағдайларды өрте бастан анықтаудың және ескертудің тиімді тетіктерін қарастыру – маңызды міндет.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық қатынастар елдерімізді біріктіретін негізгі фактор екеніне назар аударды. Президент дәстүр мен инновацияны, тарихи мұра мен заманауи технологияны сабақтастыратын креативті индустрияны дамытудың болашағы зор деп есептейді.

Президент ТМД-ның әлемдік аренадағы абырой-беделін нығайтудың маңызына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Достастықтың халықаралық байланыстарын жандандыруды дәйекті түрде қолдайды.

Отырыста Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев сөз сөйледі.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Өңір өнімі

Кәсіпкер келіншек

Соңғы жылдары ауданда кәсіпкерлік саласында айтарлықтай серпін қалыптасты. Бүгінде мемлекет тарапынан берілетін қолдауды тиімді пайдаланып, кәсібінің көкжиегін кеңейткендер көп. Соның бірі – Әсел Абатқызы. Ол биыл «Бизнес Бастау» бағдарламасы арқылы қайтарымсыз грант жеңіп алып, өз кәсібін бастаған.

– Негізгі мамандығым – математика пәнінің мұғалімі. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін өзім тулеп ұшқан Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейде мұғалім болып қызмет еттім. Кейін тұрмысқа шығып, жолдасымның жұмыс бабына орай басқа қалаға қоныс аудардым. Алайда араға 14 жыл салып, былтыр туған жерге қайта оралдым. Отбасылық жеке кәсіп ашуды бірәзден бері көздеп жүргенім. Бұл ойымды жолдасым да, ата-енем де қолдап, үлкен сенім артып, қорқыпай бастауыма дем берді. Интернетті қарап, жан-жақты зерттей отырып, «Қазір халыққа қандай кәсіп түрі өтімді, ауданда қандай кәсіп дамымаған?» деген сауалға жауап іздедім. Өзіңіз де білесіз, қазір балалар дүкенге барса, міндетті түрде чипсы алмай шықпайды. Оның қандай зиян екенін білсе де кейбір ата-аналар балалары жылдамас үшін амалсыз алып жатады. Осының барлығын ескеріп, ешқандай қоспасыз жеміс-жидектен жасалатын жемісті чипсылар мен кептірілген жемістер жасауға бел будым. Шыны керек, бұл кәсіп Қазақстанда әлі толық дамымаған. Бұрын әжелеріміз алмадан және қауынан қақ істеуші еді. Ал бұл кәсіп – сол қақтың қазіргі заманауи түрі, – дейді Әсел Жұматай.



Осылайша кейіпкеріміз кәсібінің қырсырымен толық танысу үшін Алматы қаласындағы кәсіпкер келіншектен білім алған. Айтуынша, бұл кәсіп бойынша білім алып жатқандардың ең жасы 21-де, ал ең үлкені 72-де. Ол кәсіп бастаймын деген жастарға мүмкіндік көп екенін, тіпті жасының үлкендігі шектеу келтірмейтінін айтады.

Кәсіпкер келіншек алдағы уақытта кәсібінің тынысын кеңейту мақсатында тағы да білімін жалғастыруды көздеп отыр. Әзірге үйінің бір бөлмесін шағын цехқа айналдырған ол қаражат қолына тие салысымен қажетті құрал-жабдықтарды сатып алған, яғни мұнда жемістерді өзуге, кептіруге және сақтауға арналған арнайы құрылғылар бар. Кейіпкеріміз кәсіп бастағанына көп болмаса да тұрақты тұтынушыларын жиып үлгерген. Өнімін ең алдымен өзі үйге қонақ шақырғанда дастарқанға тойтабақ ретінде қойып бастаған. Кейін таныстарынан тапсырыс қабылдап, оларға жасаған жұмысын әлеуметтік желіге салу арқылы тұтынушылар қатары көбейген. Тіпті ол аудан орталығындағы

дүкен иелерінен «Өнімдеріңізді біздің дүкенге қойсақ қалай қарайсыз?» деген ұсыныс та алып үлгерген.

Мұнан бөлек кейіпкеріміз ауыл тұрғындарынан да жиі тапсырыс түсіп жатқанын айтады. Әзірге жеткізу қызметі болмағандықтан ол бәріне өзі уақыт тауып, тұтынушы тапсырысын уақытылы жеткізуге тырысып жүр. Ал оған тапсырыс көп кезде анасы мен балалары қолғабыс етеді. Алдағы уақытта кәсібінің көкжиегі кеңейсе, өзі секілді үйде отырған аналар мен қыздарды тұрақты жұмыспен қамтуды көздеп отыр.

Айта кетейік, Әсел қажетті жемістерді аудан орталығындағы дүкен сөрелерінен, арнайы Қызылорда қаласынан және «Құрманбай ата» шаруа қожалығының алма бағынан жиі алып тұрады. Өнімін көбіне балалар тұтынатындықтан ол сапаға салғырттық танытпауды назарға алған. Кептірілген жемістерден бөлек Әсел лимон джемін де дайындайды. Оның айтуынша, бұл өнімге кез келген дүкен сөресіндегі лимон жарамайды, арнайы Ташкент лимонымен ғана дайындайды. Ал басқа лимондар джемге

қышқыл дәм беріп, жеуге жарамсыз болып қалады. Бұл өнімнің басқалардан ерекшелігі, кез келген ауруға ем.

– Әселдің кептірілген жемістерін жиі алып тұрамын, яғни тұрақты тұтынушыларының бірімін. Балаларым да сүйіп жейді. Құрбыларымың туған күнінде де сыйлыққа беруге бірнеше рет тапсырыс берген болатыным. Үйдегі көз келген қуанышта дастарқанымызға Әселдің тәттілерін қоямын. Мәселен, алдағы айда отбасымызбен құдалыққа барамыз, соған тәттілер қатарына Әселдің өнімдерін қосқалы жатырмын, – дейді кент тұрғыны Қаламқас Оспанова.

Иә, кейіпкеріміздің өнімдері бүгінде үлкен сұранысқа ие. Себебі кептірілген жемістердің денсаулыққа пайдасы зор. Мәселен, қан қысымын қалпына келтіріп, жүрек жұмысын жақсартып, жүйкені тыныштандырады. Әселдің шағын цехында біз де кептірілген жемісті жасап көрдік. Ең алдымен алма, банан, жүзім, шие жемістерін жуып, блендер құрылғысының көмегімен жақсылап өзіп алдық. Жемістеріміз бірқалыпты сұйықтыққа енгенше араластырып, жеміс кептіруге арналған құрылғыға әр бөлек-бөлек құйып шықтық.

Айта кетейік, бұл құрылғы тек жеміс кептіріп қана қоймай, кез келген өнімді, яғни наң, балықты да кептіруге арналған. Жемістің кебуі бірнеше сағатқа созылады. Сондықтан кейіпкеріміз тапсырысты 2-3 күн бұрын қабылдайтынын айтады. Сондай-ақ алдын ала дайындалған өнімнің сақталу мерзімі – 1 жыл, яғни ұзақ уақыт бойы өз қалпын бұзбай, балғындығын сақтап тұрады. Жемістерді толық кепкеннен кейін ғана оны әртүрлі қылып орауға болады.

Қабілеті мен мақсатын бір арнаға тоғыстырып, жас та болса үлкен істі деңгелетіп отырған кейіпкеріміздің кәсібінің тынысы осы. Бастысы халықта сұраныс, кәсіпкерде ынта-жігер бар. Келіндік қызметімен қатар кәсіптің көзін тауып отырған осындай жастар – мемлекетіміздің өркендеуінің кепілі. Кейіпкеріміз кәсіпкер әйел ғана емес, асыл жар, 2 қыз, 2 ұл тәрбиелеп отырған бақытты ана.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Ел жаңалықтары

Қызылорда облысының ауылдарын сумен қамтуға 2,2 млрд теңге бөлінді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша аталған іске қайтарылған активтер қаражаты есебінен 2,2 млрд теңге қаралған.

Сумен қамтуға 2,2 млрд теңге бөлінді

Өңір тұрғындарын сумен қамтамасыз ету – Мемлекет басшысының Үкімет алдына қойған басым міндетінің бірі. Үкіметтің мәліметінше, Президент тапсырмасы бойынша облыс аумағындағы 6 сумен жабдықтау нысанын салу жобаларын жүзеге асыруға Арнаулы мемлекеттік қордан 2 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Жобалар жалпы Арал және Қазалы аудандарындағы 2 мыңға жуық тұрғыны бар ауылдарды қамтып, Тастүбек, Ермбетжаға, Шөкен, Шилі, Шитүбек, Сарбұлақ ауылдарын сапалы сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жұмысқа топтық сумен жабдықтау жүйелеріне қосу да, ауылыштық желілерді салу да кіреді. Нысандардың құрылысын аяқтап, пайдалануға беру осы жылдың соңына жоспарланған.

«ЖЖ» ақпарат

Қазан мен желтоқсан аралығында демалыс және мереке күндерін қоса алғанда ел бойынша аптасына бір рет, жалпы саны 1619 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді деп жоспарланған. Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің жетекшілігімен өткен кеңесте инфляцияны тежеу мәселелері қаралды. Жиында жыл соңына дейін бағаны тұрақтандыруға бағытталған нақты қадамдар сөз болды.

1500-ден астам жәрмеңке өтеді



«Жылдық инфляцияның негізгі қозғаушысы – ақылы қызметтер. Қыркүйекте ақылы қызметтердің өсу қарқыны бәсеңдеп, тамыздағы 1,4 пайызбен салыстырғанда 1 пайызға дейін төмендеген. Өйткені 2025 жылға жоспарланған коммуналдық қызмет тарифтерін түзету шаралары аяқталды. Бұған дейін айтылғандай, қазан айынан бастап коммуналдық қызмет тарифтерін көтеру жоспарда жоқ. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы да тұрақталуда. Қыркүйектің соңғы аптасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік индексі өспеді. Қант, тұз, макарон, күріш, сүт және әлеуметтік маңызы бар көкөністердің бағасы арзандады» делінген хабарламада.

Жалпы ай қорытындысында нан-тоқаш өнімдері мен жәрмалар 0,1, ет 0,2, май 0,2, жұмыртқа 3,1, жеміс пен көкөніс 1,9 пайыз арзандаған. Әсіресе қырыққабат бағасының айтарлықтай төмендеуі ерекше назарға алынды. Жылдың алғашқы жартысында едәуір қымбаттаған бұл өнім мамыр айымен салыстырғанда 52 пайыз арзандаған. Басқа да маусымдық өнімдердің бағасы төмендеу үрдісін көрсетті.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, барлық өңірлерде өндірушілермен әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің бағасын жыл соңына дейін ұстап тұру жөнінде келісімдер жасалды. Қазан мен желтоқсан аралығында ел бойынша аптасына кемінде бір рет, демалыс пен мерекелік күндерді қоса есептегенде, барлығы 1619 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.

Астанада ірі сауда желілері Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге сыыр етін өндірушілерден тікелей сатып алу тәжірибесін іске асырды. Тиімділігін дәлелдеген бұл бастама енді аймақтарға кеңейтілетін болады.

– «Береке Fest» акциясы аясында еліміздің 80 сауда желісі агрофирмаларға ет пен басқа да әлеуметтік маңызы өнімдерді тікелей супермаркет сөрелеріне жеткізуге мүмкіндік берді. Сауда желілері әлеуметтік жауапкершілік танытып, осындай өнімдер үшін арнайы бұрыштар ұйымдастырды. Қазір әкімдіктер және бизнес өкілдерімен бірлесіп, Республика күніне арналған мерекелік жәрмеңкелер мен акцияларды ұйымдастыру үстіндеміз, – деді Айжан Бижанова.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне, өңірлердің басым бөлігі тұрақтандыру қорына жаңа өнім жеткізу жөніндегі келісімдерді аяқтады. Қорға барлығы 245 мың тонна өнім қабылданбақ, оның ішінде 146,7 мың тонна картоп, 35,3 мың тонна сәбіз, 27,4 мың тонна пияз және 36 мың тонна қырыққабат бар. Алайда Ақтөбе және Ұлытау облыстарында қырыққабат сатып алу көлемі 50 пайыздан сәл ғана асқандықтан, көшеуілдеу байқалады. Осыған орай вице-премьер министрлікке аталған өңірлерге жеткізушілер табуға қолдау көрсетуді тапсырды.

Е.АНАУРҰЛЫ

Брифинг

Менингококкты инфекция: алдын алу үшін қайтпек керек?



Менингококкты инфекциясы аурудың ауа тамшылы жолдары арқылы жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде беріледі. Алғашқы белгілеріне келсек, суық тигенге ұқсас болып келеді, яғни жоғары температура, бас ауруы байқалады. Аурудың егжей-тегжейлі көрінісі пайда болған кезде медициналық көмекке уақытылы жүгінбесе, өлім-жітім 50 пайыздан асады. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді.

Спикер дерттің негізгі клиникалық көріністеріне дене температурасының күрт жоғарылауы, яғни 39 градус және одан жоғары болуы, төзімсіз бас ауруы жата-тынын айтады. Бұрын жүрек айнусыз құсу, жеңілдік өкелмейді, геморрагиялық бөртпе, тыныс алудың бұзылуы, тежелу, сананың шатасуы да бұл дерттің негізгі клиникалық белгілеріне жатады. Науқастар немесе белгілерсіз тасы-малдаушылары бар адамдар айналасын-

дағылар үшін инфекция көзі болып та-былады. Бір науқасқа 20 мыңға дейін тасымалдаушы келеді. Менингококк ин-фекциясының жиілігі маусымдылықпен сипатталады, ең жоғары жиілік қыста және ерте көктемде болады. Бұл адамның иммундық жүйесі осы уақытта көптеген вируспен әлсірегендік-тен болады. Олар жылдың осы уақытын-да да белсендіріледі, яғни ЖРВИ, тұмау және т.б.

Ауданның бас санитары көбінесе 5 жасқа дейінгі балалар, иммундық жүйенің қалыптасуына байланысты және жасөс-пірімдер мен жастар ауыратынын айтады. Бұл жастағы адамдар түнгі клубтарда көп уақыт өткізеді, олар көптеген қауіпті фак-торлардың жиынтығымен ерекшеленеді, яғни адамдардың көптігі, шылым шегу, ортақ сусындар және т.б. Спикер менингококкты инфекцияның негізгі алдын алу шараларына да тоқтал-ды. Ол аурудың алғашқы белгілері пайда

болған кезде асқынып кетуді болдырмас үшін медициналық көмекке жүгіну қа-жеттігін қаперге салды. Сондай-ақ өзін-өзі емдеумен айналысуға болмайтынын да жеткізді.

— Адам көп жиналатын жерлерге бар-мау керек. Ауырып қалмау үшін және айналадағы адамдарға ауру жұқтырмау үшін мұрын жұтқыншақтарының жедел және созылмалы ауруларды (фарин-гит, тонзилит, ларингит) уақытылы ем-деу керек. Таза ауада серуендеу керек, қоғамдық көліктермен жүрмеуге тырысу қажет. Витаминдер мен микроэлемент-термен байытылған толық және теңдес-тірілген тамақтану, спортпен шұғылдану, ағзаны шынықтыру иммунитеттің жоға-рылауына ықпал етеді. Үй-жайларды жиі желдету, күніне кемінде 2 рет дымқыл тазалау жүргізу керек. Жетелген кезде, түшкіргенде біртөттік орамал пайдалану қажет. Жеке гигиенаны сақтау, қолды са-бынмен және сумен кем дегенде 20 секунд мұқият жиі жуу керек, — деді Гүлзираш Айымбетова.

Ол екіншіше орай көптеген ата-ана аурудың қауіптілігін толық түсінбейтінін айтады. Сондықтан білікті медициналық көмектен бас тартатын ата-аналар да кездеседі екен. Менингококк инфекциясы ауруының көнеттен басталуын және ауырлығын ескере отырып, оның ал-ғашқы белгілерінде мүмкіндігінше ерте-рек дәрігерден көмек сұрау қажет, бұл баланың, жасөспірімнің өміріне байла-нысты. Менингит ең қауіпті инфекция-лардың ондығына кіреді. Сондықтан ауданның бас санитары одан мейлінше сақтанып жүруге кеңес берді.

— Естеріңізде болсын, ауырып ем іздегенше, аталған қарапайым шара-ларды орындап, оның алдын алу оңай. Сондықтан біз қаперге салған барлық талапты сақтаған жөн. Сонда ғана бұл дертке шалдықпайсыз. Әзірге ауданда мұндай дерт кездескен жоқ, бірақ сақтан-сақ, сақтайтынын қаперге алып, мейлін-ше дерттің алдын алуға тырысқан жөн, — деді ол.

Спикер брифинг соңында БАҚ өкіл-дерінің бірқатар сауалының түйінін тар-қатты.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Кеусен — ата дәстүрдің алтын арқауы

«Руханият» орталығының алаңында қазақ халқының бай рухани мұрасының бір көрінісі «Кеусен беру» дәстүрі жаңғыртылып, көпшілікке кеңінен таныстырылды. Егін бітік шығып, қамба дөңге толған берекелі уақытта атқарылатын бұл рәсім — қазақ халқының жомарттығы мен дархандығын айқындайтын ерекше салттың бірі.

Мерекелік шара барысында «Кеусен беру» дәстүрі сахналық көрініс арқылы көрерменге ұсынылып, елдің ыстық ықыласына бөленді. Аудан өнерпаздарының қатысуымен «Ұлағатты аналар» ансамблі әсем ән шықап, ұлттық нақыштағы концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Кеусен — ата дәстүрдің алтын арқауы» атты тағылымды шара ұлттық

салт-дәстүрлердің ұмытылмай, жас ұрпақтың бойына сіңуіне, рухани құндылықтарымыздың жаңғыруына бағытталған маңызды қадам болып табылады. Дәстүрдің мәніне сай шара соңында ауданның әр ауылынан келген отбасыларға кеусен үлестірілді. Бұл — еңбек пен ізгіліктің, ынтымақ пен ырыстың белгісі.

Е. АНУАРУЛЫ



Елдің мәселесі ескерусіз қалмайды



Мен үшін Жалағаш ауданының мәслихат депутаты болу — үлкен жауапкершілік. Өйткені аудандық мәслихат депутаттары — халықтың сенімін арқалаған, ел мен жердің мәселесін билікке жеткізетін халық өкілдері. Бұл — зор жауапкершілік пен сенімді талап ететін міндет.

Жалпы ауданның дамуында, ел ішіндегі мәселе-лердің оң шешімін табуда депутат маңызды рөл ат-қарады. Өйткені олар жер-жерді аралап, халықтың талап-тілегіне құлақ түріп, әрбір сауалдың түйінін тарқатуға бас қатырады. Алдағы уақытта Жалағаш ауданының мәслихат депутаты болсам, осындай ел ішіндегі мәселелердің оң шешімін табуына бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Алдағы саяси науқанға мен «Ауыл» партиясының атынан аудандық мәслихат депутаты болып сайлауға қатысуға шешім қабылдадым. Бүгінде 30 жылға жуық білім саласында қызмет атқарып келемін. Өзім туған, өсіп-өнген өңірдің мәселелерін терең білемін, сондықтан сайлаушылар үмітін ақтап, қордаланған мәселелердің шешімін табуға бар күшімді саламын. Мен үшін басты мақсат — ауданымыздың, ауыл-аймақтың дамуына үлес қосу, халықтың талап-тілегін тыңдау, еділ әрі ашық жұмыс істеу. Сіздердің сенімдеріңіз — мен үшін ең үлкен жауапкершілік. Бірінші кезекте ауданда әр саланың жұмысын жүйелі жүргізу үшін қандай мәселелер қамтылуы керек? Кешегі сайлауалды бағдарламада осы сауалдың түйінін тарқатуға тырыстым. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруды көздейсек, бірінші кезекте білім сапа-сында серпін қалыптастыруға күш салуымыз керек. Мен өзім білім саласының өкілі болғандықтан сөздің басын аталған саладан бастап отырғаным жоқ. «Мемлекеттің кемел келешегі — жастар» десек, сол жастардың жан-жақты, озық ойлы болуында білімнің алар орны ерекше. Сондықтан алдағы уақытта аудандық мәслихат депутаты болсам, бірінші кезекте ауданымыздағы мектептердің, соның ішінде ауыл мектептерінің сапалы білім беруін қамтамасыз етуге жұмыс жасаймын. Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға атсалысамын. Дарынды балаларды қол-дау, қосымша білім беру үйірмелерін дамытуға басым-дық беремін. Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш саламын.

Елдің тұрмыс сапасын арттыруды көздеген адам бірінші кезекте халықтың әлеуметтік жағдайына ба-сымдық береді. Қайтсек халықтың тұрмыс сапасын арттырамыз, аудандағы жұмыссыздық мәселесімен қалай күресеміз? Бұл ретте осы сауалдардың түйінін тарқату ерекше маңызға ие. Сондықтан алдағы уа-қытта сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, әлеуметтік әлсіз топтарды қорғау, яғни көпбалалы от-басыларға, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар азамат-тарға нақты көмек көрсетуге жұмыс жасаймын. Ауыл жастарын жұмыспен қамтуға ықпал ету, көсіптік білім мен кәсібилікті дамытуға жағдай жасауға тырысамын. Қазір Жалағаш ауданында, ауданға қарасты ауыл-дық елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартуға басымдық берілуде. Бұған мемлекет тарапынан да ерекше қолдау бар. Алдағы уақытта басқа да ауыл-дардағы жолдарды, ауызсу және электр жүйесін жақ-сартуға ықпал етуге күш саламын. Мәдениет үйлері мен спорт алаңдарын дамытуға басымдық беремін. Өйт-кені бұл қос сала жастардың өнерге, спортқа көптеп кө-луіне, елдің салауатты өмір салтын ұстануына айтар-лықтай сеп болары сөзсіз.

Жалағаш — аграрлық аудан. Сондықтан бізде ауыл шаруашылығын дамытуға барлық мүмкіндік бар. Сол мүмкіндікті пайдалана отырып, шаруа адамдарының

сапалы және табысты еңбек етуіне жол ашамын. Ауыл шаруашылығын қолдау, жергілікті өнім өндірушілердің мүдделерін қорғауға жұмыс жасаймын. Олардың бар-лық мемлекеттік қолдауға қол жеткізуіне жол ашып, басқа да мәселелерінің шешімін табуына күш саламын. Ел ішіндегі тағы бір маңызды сала — денсаулық. Денсаулық сақтау саласын қалыптастыруға ерекше мән беруіміз керек. Қазір бұл саланы қолдауға да мемекет тарапынан ерекше қолдау бар. Сол мүмкін-діктерді қарастыра отырып, ауданға білікті маман-дарды тартып, жалағаштықтардың кез келген уақытта сапалы медициналық көмекке қол жеткізуіне жағдай жасаймын. Бір сөзбен айтқанда, аудан тұрғындарының қолжетімді медициналық қызмет алуын қамтамасыз етуге үлес қосамын.

Екінші кезекте денсаулық пен спорт саласын да бөліп-жарудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Өйткені спортпен шұғылдану арқылы кез келген дерттің алдын алуға болады. Сондықтан спортты дамыту арқылы ауыл жастарын салауатты өмір салтына баулуға басымдық беру керек. Дәрігерлер мен медицина қыз-меткерлерінің мәртебесін көтеру мәселесін қолдаймын. Президент бізге «Халық үніне құлақ асатын мем-лекет» қағидасын жүзеге асыруды міндеттеді. Әсіресе бұл тұжырымға депутаттар бейжай қарамауы тиіс. Сондықтан алдағы уақытта мәслихат депутаты бол-сам, халықтың ұсыныс-пікірлерін ескеріп, әрбір мә-селесін билікке жеткіземін. Әр ауылдық округтің мә-селесін тікелей халықпен кездесулер арқылы шешуге жұмыс жасаймын. «Халық үніне құлақ асатын мем-лекет» қағидатын жергілікті деңгейде жүзеге асыруға басымдық беремін.

Жергілікті тұрғындардың, оның ішінде ауыл хал-қының өмір сүру сапасын жақсартуға арналған сай-лауалды бағдарламаны тек сіздердің қолдаулары-ңызбен жүзеге асырамын. Егер мен Жалағаш аудандық мәслихатының депутаты болып сайлансам, жоғарыда көрсетілген бағдарламаның жүзеге асырылуына бар күш-қайратымды жұмсаймын және сол мақсатымды жүзеге асыру жолында сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін.

Әрбір сайлаушының дауысы маған артылған сенім деп білемін. Сондықтан алдағы уақытта сіздердің ба-сым дауыстарыңызға ие болсам, аудандағы өзекті мә-селелерді мәслихат мінберінен көтеріп, оның оң ше-шімін табуына күш саламын.

Лайла ШОМЕНОВА,
№8 бірмандаттық аумақтық
сайлау округі бойынша
Жалағаш аудандық мәслихат
депутатының үміткері

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Қабылдау

Сала қызметкерлеріне құрмет көрсетті

9 қазан — Дүниежүзілік пошта күні мерекесіне орай аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов сала ардагерлері мен қызметкерлерін арнайы қабылдап, құрмет көрсетті. Шарада сала ардагері Күлдаш Тоқпанбетова бұл саланың бұрынғы тарихына терең бойлап, қатысушыларды мерекемен құттықтады. Ғани Кенжеғараұлы бүгінгі буын ардагер аға-апалардан үлгі алатынын жеткізіп, олардың өмір жолы қашанда жастарға өнеге болатынын тілге тиек етті.



Айта кетейік, бүгінде Жалағаш аудандық пошта торабында 13 байланыс бөлімше жұмыс жасайды. Онда 40 азамат қызмет атқаруда.

Пошта торабы екінші деңгейлі банк ретінде Жалағаш ауданы бойынша 400-ден астам заңды тұлғаға қызмет көрсетеді. Бүгінгі қабылдауда Жалағаш аудандық пошта торабы қызметкерлері мен сала ардагерлеріне арнайы аудан әкімінің құттықтауы мен алғыс хаты табысталды.

«ЖЖ» ақпарат

Таным

Қуаныш Асылбаев 1916 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Мәдениет ауылында туған. Соғыс жылдарында бірнеше өлеңі жарияланған. Оның 1945 жылы Орынкүл Ержановамен айтысы Жалағаштағы қариялар аузынан жиі естіледі. Кейін отбасы жағдайымен Өзбекстан Респуликасының Самарканд облысы Нұрата ауданының Қызылша ауылында тұрған. Ақынның жыраулық өнері Өзбекстанда қазақ аудандарындағы жұртшылыққа кеңінен танымал болған.

Қуаныш жырау



Қуаныш Асылбаевтың «Данышпан дана», «Әлем шамшырағы», «Керенаулық кесірі» атты сатиралық өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде жарияланған. Ақынның «Гүлсара» атты көлемді дастаны (2000 жолдық) баспа бетінде жарияланбаған. Төменде дастан 133 беттік болғандықтан шағын үзіндісін ғана жариялап отырмыз. Дастанның басталуы:

Ат қалсын азаматтан артқы жаққа,
Жан аспас жабы қоссаң арымаққа.
Ертекті ертеде өткен дастан өтсем,
Деп кеңес салдым ойлап тіл мен жаққа.
Ақыл ой, ми мен сезім, сана, жүрек,
Алтауы бірдей ортақ рахатқа.
Абырой, ес пен қиял және ұят,
Қосылады тоғыз болып шәкизатқа.
Төреші тоғызға бір ғылым болыш,
Дәреже қуат енген адамзатқа.
Ақыл-ес ақылдарда алпыс түрлі
Тамаша таңырқапшың табиғатқа.
Ақынның қасиетін алдыңызға,
Ұсындым тарту етіп марнабатқа.
Бірінші сөзді бастайын,
Сүйеніп, тілім, өзіме,
Тыңдасқан халық тамаша
Сүйенер әркім сөзіме.
Алма-жеміс ұсындым,
Келгесін кезек өзіме.
Сөзден маржан түйеін.
Елестетіп көзіме.
Жасымнан жазып ғибрат,
Сенуші едім өзіме, — деп өзінің жасынан өлең-жырға құмар болғанын меңзеген. Сондай-ақ осы дастанында ұстаздары Киікші Кете Сүйінбай мен Сүйіндік екенін нақтылайды. Бұл екеуі де — Сыр еліндегі атақты жыраулардың бірі.

Қуаныш ақынның өмір жолына қарап отырсам, қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданындағы Мәдениет ауылында өскен, 1941-1945 жылдардағы соғысқа барған-бармағаны белгісіз. Көне бір шежіре сөздерінен оның Тілеубай Сарқасқанның Тікірек әулетіне жататындай. Тікіректен Маман одан Балтабай, Балтабайдан Асылбай, одан Қуаныш ақын тарайды. Ұрпақтары бар болуы мүмкін. Баласы және немересін есептегенімізде бүгінде Тілеубайдан бері 7-8 атаға жетіп отыр. Тағы да дастандағы өлеңіне жол берелік.

Өткір қиял қызыл тіл,
Түзетіп тұр тезіне.
Сымға тартқан күмістей,
Айырдым алтын-жезіне.
Айтылады тыңдасаң,
Жетім қалған балалар,
Жесір қалған аналар.
Халықтан қалған ертегі,
Миллион ғасыр саналар.
Қаумалап келген халыққа,
Шашу шашқан даналар.
Киелі Кете ұстазым,
Сүйінбай мен Сүйіндік,
Аға-інілі қос жүйрік,
Бәйгі алып, бақ қонаң,
Біз де жұрміз сөз теріп.
Дастанды енді бастайын,
Әдепсіз сөзді қоспайын.
Теңізден шыққан толқындай,
Тарту сізге тастайын.
Атқарған топты Қуаныш,
Дені сау болса саспайын.
Аға-іні сұраса,
Неге жырды шашпаймын.
Қара басқан хандар мен
Гүлсара қыздан бастайтын — деп жырлаған.
Бұрынғы жазбаларында Қуаныш Асылбековты 1920 жылы туған деп едім, туыстары оның 1916 жылы дүниеге келгенін айтты. Жаңа деректер бойынша 2000 жылдардың басында туған жеріне келіп, біраз уақыт болғанын білдік және 2006 жылы қайтыс болған інісі Сүйеніштің қазасында болмапты. Демек, Қуаныш ақын бұл жылдарда өмірде жоқ болған.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, этнограф

Туған жерді түлету – басты міндетім



Алдағы уақытта Жалағаш ауданында халық үшін де, кандидаттар үшін де маңызды саяси науқан күтіп тұр. Өзімде бұл сайлауда кадидактардың бірімін. Кешегі сайлауалды бағдарламамда Жалағаш ауданының мәслихат депутаты болуға не үшін мақсат еткенімді, мәслихат депутаты болсам, қандай жобалардың жүзеге асуына, аудандағы қандай мәселелердің шешімін табуына еңбек ететінімді де айтқан болатынмын. Өйткені мұнан сайлаушылар хабардар болуы тиіс.

Халық сенімін арқалап, елдің алғысына бөлену оңай шаруа емес. Бірақ дәл осы міндетті мәслихат депутаты мінсіз атқаруы керек. Сонда ғана аудандағы қордаланған мәселелер шешімін тауып, мемлекеттің жарқын болашағына жол ашамыз. Менің бұл сайлауда үміткер болудағы басты мақсатым да осы. Сондықтан

алдағы саяси науқанда сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, халықтың талап-тілегіне еңбек етемін. Өз басым халық сенімін бәрінен биік қоямын. Сондықтан алдағы саяси науқанда бақ сынауға бел буып отырмын. Бұл сайлау маған үлкен жауапкершілік артты. Тіпті үміткер болмай тұрып, «Алдағы уақытта аудандық мәслихат депутаты болсам, аудандағы қандай мәселелердің шешіміне жұмыс жасаймын?» деген сауалға бас қатырдым.

Шыны керек, соңғы жылдары ауданда ауқымды жобалар жүзеге асуда. Бірақ бұл өңірде енді ешқандай мәселе жоқ деген сөз емес, керісінше осындай қарқынды жұмысты әрі қарай жалғастыру керек. Сонда ғана ауданға қарасы елді мекендердің екінші тынысы ашылып, ауданның өрісі көңейеді. Ал оны жүзеге асыру – баршамызға ортақ міндет.

Кез келген адамға туған жерін түлету – үлкен арман. Ал оны жүзеге асыру үшін еңбек қажет. Еңбектену үшін алдымен адамда жауапкершілік, табандылық, қайсарлық болуы керек. Мен де алдағы уақытта туған жердің түлеуіне жұмыс жасаймын деп шешім қабылдадым. Алдағы саяси науқан оны жүзеге асыруға маған берілген мүмкіндік деп білемін.

Жалпы ауданның екінші тынысын ашып, өңірдің өркендеуі үшін қандай жобалар қолға алынуы тиіс? Ауданда әлді де шешімін табуы керек қандай мәселелер бар? Қайтсек елдің тұрмыс сапасын арттыруға жол ашылады? Кеше үміткер болар алдында осы мәселелер мені көп ойландырды. Сондай-ақ сайлауалды бағдарламамда осы сауалдардың түйінін тарқатуға тырыстым.

Ауданның екінші тынысын ашамын десек, ең алдымен ауылдық елді мекендердің болашағына бас қатыруымыз керек. Ол үшін бірінші кезекте ауылдық жерде жұмыссыздықпен күресу қажет. Сонда ғана ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасының артуына, әлеуметтің әлеуетінің жақсаруына даңғыл жол ашылады.

Енді «Ауылдық жерде қалай жұмыссыздық мәселесін шешеміз?» деген заңды сауал туындайды. Бұл сұрақтың түйінін кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы тарқатамыз. Қазір мемлекет тарапынан кәсіпкерлік саласына қолдау басым, қайтарымызсыз грант, төмен пайызбен несие – кәсіпкерлікті дамытудың тиімді тетігі. Ал оны алуға мемлекет бар жағдайды жасап отыр.

Жалпы жұмыссыздық пен бұл саланы бір-бірінен ажырата алмайсыз. Қай өңірде кәсіпкерлік дамыды, сол елді мекенде жұмыссыздық айтарлықтай төмендейді, сәйкесінше елдің тұрмыс сапасы арта береді. Міне, осы ретте біз ауылдық жерде кәсіпкерлік саласының дамуына бар жағдайды жасауымыз керек. Ауылдағы ағайынның мемлекеттің қолдауына ие болуына күш салып, олардың кәсіпін айналысуына бағыт беруіміз керек. Сонда ғана ауылда жұмыссыздық мәселесі төмендейді.

Қазір білектің емес, білімдінің заманы екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан ауданда білім сапасының артуына күш саламын. Салада қандай мәселелер бар, соның барлығын мәслихат мінберінде көтеріп, оң шешімін табуына жұмыс жасаймын. Шалғай ауылдарда интернет сапасының жақсаруына жұмыс жасап, ауылдың инфрақұрылымының жақсаруына күш саламын. Мұның барлығы қазіргі заманда білім сапасына айтарлықтай оң әсер ететіні сөзсіз.

Қазір медицина саласы дамыған, сондықтан халықтың көз келген уақытта сапалы медициналық көмек алуына жол ашамын. Салада қордаланған қандай мәселелер бар, соның барлығы оң шешімін табуы үшін мәслихат мінберінде көтеріп, елдің денсаулығының жақсаруына жұмыс жасаймын. Саладағы жас мамандардың мемлекеттік қолдауға ие болуын қамтамасыз етіп, ауылдық жерлерге білікті мамандар тартуға күш саламын.

Ауданда соңғы бес жылдықта жол құрылысы қарқын алды, бірқатар ішкі көшелер мен жолдардың сапасы айтарлықтай жақсарды. Бірақ әлі де бұл салада мәселелер жоқ емес. Сондықтан алдағы уақытта әсіресе ауылдық елді мекендердегі жол сапасының жақсаруына жұмыс жасаймын.

Мен үшін сайлаушылардың дауысы – халықтың сенімі. Ал сенімді ақтау – менің өмірлік ұстанымым. Алдағы уақытта сайлаушылардың қолдауымен депутат болсам, мәслихат мінберінде елдің мәселесін көтеріп, оның оң шешілуіне күш саламын.

Жалпы Жалағаш ауданы өзімнің туған жерім болғандықтан ауданның тыныс-тіршілігі, әрбір елді мекеннің мәселесі маған таңсық емес. Сондықтан алдағы уақытта соның барлығын мәслихат мінберінде көтеріп, оның оң шешімін табуына жұмыс жасаймын. Әсіресе ауылдық елді мекендерде, оның ішінде шалғай ауылдарда қордаланған мәселелердің шешіміне еңбек етемін.

Бұл сайлау – үміткерлерге де, халыққа да берілген үлкен мүмкіндік. Сондықтан халық алдағы саяси науқанда дұрыс таңдау жасаудан жаңылмауы керек. Ал үміткерлер сол сенімді арқалап, ел ішіндегі өзекті мәселелердің шешіміне себепші болуы тиіс. Мен алдағы саяси науқанда сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, халық сенімін арқалап, елдің талап-тілегіне құлақ түріп, мәселесінің шешімін табуына жұмыс жасаймын. Мен үшін халықтың сенімі бәрінен жоғары.

**Фараби АСЫЛБЕКҰЛЫ,
№8 бірмандаттық аумақтық
сайлау округі бойынша
Жалағаш аудандық мәслихат
депутаттығына үміткер**

**Қаржысы республикалық
бюджеттің қаражатынан төленді**

Сайлаушылар сенімі бәрінен маңызды



Ел сенімін арқалап, халықтың мәселесінің шешілуіне жұмыс жасау екінші бірінші қолынан келе бермейді. Бірақ дәл осы мақсатқа жұмыс жасаған адамды еңбектен бақыт тапқан азиат деп айтуға болады. Әсіресе ел көтерген мәселенің шешіміне тамшыдай болса да үлес қосу расында үлкен бақыт екені сөзсіз. Осындай жауапкершілікті талап ететін депутаттың да өзіне жүктелетін міндеті болады. Ол – ел ішіндегі мәселелерді көтеріп, жоғарыда айтқанымдай, оның шешіміне себепші болу.

Алдағы сайлау – түсінген адамға маңызды саяси науқан. Бұл халық үшін де, кандидат үшін де маңызды. Олай дейтінім, ел ертен мәселесіне құлақ түріп, оның шешіміне жұмыс жасайтын адамын таңдайды. Ал кандидат соған сай еңбек етуге тырысады. Мен бұл сайлауда үміткер болар алдында «Ертең сайлаушылардың басым дауысына ие болсам, не істеймін?» деген сауалдың түйінін тарқатуға тырыстым. Бұған кешегі сайлауалды бағдарламамда да кеңінен тоқталған болатынмын. Мәслихат депутаты

болу түсінген адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан үміткер болмас бұрын мен бұл қадамды тыңғылықты дайындықпен жасадым.

Жалпы сайлауға түсудегі басты мақсатым – елдің ертеңіне еңбек етіп, ауданның, яғни туған жердің дамуына тамшыдай болса да өз үлесімді қосу. Ал алдағы саяси науқан маған осы мақсаттарымды жүзеге асыруға берілген үлкен мүмкіндік деп білемін. Сондықтан сіздердің қолдауларыңызбен алдағы уақытта өңірдің өркендеуіне еңбек етуге дайынмын.

Жалпы мен бұл сайлауға тыңғылықты мақсатпен келдім. Үміткер болар алдында өз алдыма үлкен мақсат қойдым. Оның барлығы туған жерді түлетуге негізделген. Сондықтан алдағы уақытта ауылдың, ауданның дамуына жұмыс жасау үшін осы саяси науқанда бақ сынауға бел буып отырмын.

Жалпы ауданда соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алды деп айтуға толық негіз бар. Бірақ бұл ауданда жол сапасына қатысты енді ешқандай мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Әлі де Жалағаш ауданында жол сапасына қатысты шешімін табуы тиіс мәселелер бар. Сондықтан алдағы уақытта осындай мәселелерді аудандық мәслихат мінберінде көтеріп, оның шешімін табуына жұмыс жасаймын. Әсіресе біз шалғай ауылдардағы ішкі көшелер мәселесіне басымдық беріп, сапасының жақсаруына жұмыс жасауымыз керек.

Елімізде білім саласына бұрыннан қолдау бар, қазір бұл қолдау қарқыны артпаса, бөсендеген емес. Сондықтан алдағы уақытта ауданда бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда білім сапасын арттыруға басымдық беремін. Өзім осы саланың қызметкері болғандықтан бұл жағы қиынға соқпайды деп ойлаймын.

Екінші кезекте ауыл мен қала мектептерінің арасындағы білім сапасына қатысты алшақтыққа қол бермеуге күш саламын. Оқушылардың білім мен бойындағы талантын шындауы үшін олардың қосымша үйірмелермен қамтылуын қадағалаймын. Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру үшін ең алдымен осы мәселелерге басымдық беру керек. Сонда ғана салада серпін қалыптастырып, мемлекеттің жарқын болашағына нық қадам жасай аламыз.

Жалағаш аграрлық аудан болғандықтан ауданда ауыл шаруашылығын дамытуға барлық жағдай жасалған. Қазір аяқсу қиын шақта егінді ертарлаптандыру маңызды рөл атқарады. Қарапайым шаруа адамдарының құқығын қорғауға жұмыс жасаймын. Шаруашылық иелерінің мемлекеттік қолдауларға қол жеткізуіне бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Мен үшін халықтың денсаулығы бәрінен маңызды. Сондықтан олардың көз келген уақытта сапалы медициналық көмек алуына жағдай жасаймын. Халық арасында саулауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын түсіндіріп, олардың денсаулығына бейжай қарауына қол бермеймін. Сондай-ақ ауылдық елді мекендерге білікті мамандарды тартып, ауылдағы ағайынның сапалы медициналық көмекке қол жеткізуіне жол ашамын.

Спорт та елдегі ең маңызды саланың бірі екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан алдағы уақытта ауылдық елді мекендерде спорттық кешендердің бой көтеруіне ықпал етіп, ауылдық елді мекендерде спорттық үйірмелердің көптеп жұмыс жасауына жағдай жасаймын. Біз осындай жағдай жасау арқылы елдің спорт саласына серпін беріп, қарапайым ауыл балаларынан чемпион шығаруға жол ашамыз.

Жалпы бұл сайлауда елдің ертеңіне қажетті басқа да жобаларым, мақсаттарым жетерлік. Ал оны жүзеге асыру үшін бірінше кезекте сайлаушылар қолдауы қажет. Сондықтан сіздердің қолдауларыңызбен депутат болып сайлансам, алдағы уақытта жалағаштықтардың жарқын болашағына еңбек етемін. Мен үшін сайлаушылардың әр дауысы жауапкершілік жүктейді.

Қазір елде кәсіпкерлік саласын дамыту да ерекше маңызға ие. Олай дейтінім, Бұл салаға серпін беру арқылы елдегі бірқатар мәселенің шешімін таба аламыз. Мәселен, кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы ауданда жұмыссыздық мәселесін түсіндіре аламыз. Қай өңірде бұл салада серпін болса, сол жердегі тұрғындардың тұрмыс сапасы артады, ондағы халық өкі қолға бір күрек табады, яғни жұмыссыз азаматтар жұмысқа орналасады.

Екінші кезекте кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы кіріс көзін арттыра аламыз. Шынында, бүгінде кәсіпкерлік саласы дамыған өңірдің кірісі де еселенеді. Ал мұндай аудандардың кейбір мәселелерін жергілікті бюджетімен шешуіне мүмкіндік туады. Сондықтан біз кәсіпкерлік саласын дамытуға алдағы уақытта да басымдық беруіміз керек.

«Енді бұл саланы қалай дамытамыз?» деген заңды сауал туындайды. Шынығында, қазір мемлекет кәсіпкерлік саласын дамытуға барлық жағдайды жасап отыр. Қайтарымызсыз қаражат, пайыздық үстемақысы төмен несие бұл сөзімізді қуаттайды. Бұл қолдаулар қалтасында ешқандай қаржысы жоқ азаматтардың да іс бастауына мүмкіндік береді. Міне, осы ретте мен аудандық мәслихат депутаты болсам, бірінші кезекте қарапайым азаматтардың, кәсіпкерлердің осындай мемлекеттік қолдауларға ие болуына, іс бастауына, кәсібінің көкжиегін кеңейтуіне жол ашамын.

Жалпы ауданда мұнан өзге де мәселелер жоқ емес, бұйырғаса, алдағы уақытта депутат болсам, соның барлығының шешіміне еңбек етемін. Ол үшін бірінші кезекте сайлаушылардың қолдауы маңызды. Сондықтан алдағы саяси науқанда сайлаушылар мені қолдаса, ел ішіндегі барлық мәселенің шешіміне, халықтың талап-тілегін жергілікті билік өкілдеріне жеткізіп, оның шешіміне еңбек етуге дайынмын.

**Салтанат САРИЕВА,
№8 бірмандаттық аумақтық
сайлау округі бойынша
Жалағаш аудандық мәслихат
депутаттығына үміткер**

**Қаржысы республикалық
бюджеттің қаражатынан төленді**

Баспасөз конференциясы

Ауданда былтыр В 55,9 «Тері Лейшманиоз, анықталмаған жағдай» диагнозымен 4 сырқаттанушылық жағдай тіркеліп, оның 3 жағдайы 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталған. Өткен жылы тіркелген науқастар Жалағаш кентінен, Жаңадария, Аққұм елді мекені және Бұқарбай батыр ауылының, оның екеуі мектеп оқушылары арасынан анықталса, біреуі – үйдегі бала, тағы біреуі жұмыссыз азаматтар арасынан анықталып отыр. Баспасөз конференциясында аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары Гүлжазира Жалғасова осылай деді.

Тері лейшманиоз: 1 жағдай тіркелген

Спикер биыл да бұл дертке шалдыққандардың барын жасырмады. Мәселен, биыл қазан айында тері лейшманиоз ауруының 1 жағдайы Жаңадария елді мекенінде тіркелген. Сала маманы дертпен күрескеннен оның алдын алу бәрінен маңызды екенін айтады.

– Лейшманиоздар – лейшмания тұқымдасының паразиттері тудыратын созылмалы жұқпалы аурулар тобы. Бұл аурулар Rhlebotomus тұқымдасының масаларының шағуы арқылы таралады және тропикалық, сондай-ақ субтропикалық климаты бар елдерде кең таралған. Жыл сайын әлемде шамамен 2 миллион адам ауырады. Лейшманиоздар әртүрлі клиникалық формаларда көрінуі мүмкін, бірақ ең жиі кездесетін үш негізгі түрі, яғни тері лейшманиозы, висцеральды лейшманиоз және жалпы лейшманиозы бар, – дейді Г.Жалғасова.

Тері лейшманиозы жұқтырған масаның шағуынан кейін басталады және инкубациялық кезеңі 2-ден 5 аптаға дейін созылады. Бастапқы кезеңде қою қызыл дақ пайда болады, оның ортасында қара нүкте бар, содан кейін қышу пайда болады. Бірнеше аптадан кейін дақ папулага, содан кейін көпіршік пен жараға айналады. Бір жылдан кейін жараның орнында тыртық пайда болады және өздігінен қалпына келеді. Бұл жаралар өдетте терінің ашық жерлерінде, көбінесе бетте орналасады.

Жалпы лейшманиоз масалардың шағуы арқылы да жұғады және инкубациялық кезең 2 аптадан 9 айға дейін өзгеруі мүмкін. Ауру қызба, көкбауырдың ұлғаюы, терінің қараюы және түсінің өзгеруі, шаштың түсуі, кейде теріде қан кетудің пайда болуы сияқты белгілермен көрінеді.

Гүлжазира Саттарқызы адам инфекция көзі болып табылатынын айтады. Сондықтан ауру кезінде тері жаралары масалардың шағуынан қорғалған болуы керек. Иттервисцеральды лейшманиоз үшін инфекция көзі бола алады. Эндемиялық аймақтарда иттердің денсаулығын бақылау және қадағалау жүргізіледі.

– Лейшманиоздың таралуының алдын алу елді мекендерде тиісті санитарлық жағдайларды сақтауды, қоқыстарды үнемі тазалауды, сондай-ақ дезинфекция мен дезинсекцияны қамтиды. Эндемиялық аймақтардағы жеке профилактика терінің ашық жерлерін жәндіктерден қорғаудан тұрады. Осы шараларды мұқият сақтау қажет, – деді ол.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жалағаш ауданының №8 сайлау округіндегі сайлаушылар назарына!

Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес 2025 жылдың 26 қазанға тағайындалған №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттардың орнына Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесін жариялайды.

Р/с	Округтің нөмірі	Кандидаттың аты-жөні	Кездесу өтетін орын	Кездесудің өтетін күні	Кездесу уақыты
1.	№8	1.Асылбекұлы Фараби 2.Сариева Салтанат Сергеевна 3.Шоменова Лайла Шарипканиевна	Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр көшесі №21, «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының «Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	14.10.2025 ж.	Сағат: 11.00
2.	№8	1.Асылбекұлы Фараби 2.Сариева Салтанат Сергеевна 3.Шоменова Лайла Шарипканиевна	Жалағаш ауданы, Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі №12, «Таң ауылдық округі әкімі аппаратының «Таң ауылдық мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.	15.10.2025 ж.	Сағат: 11.00

Жалағаш ауданы тұрғындарының назарына!

14.10.2025 жылы Жалағаш кенті, Ақсу, Қаракеткең, Далдабай, Таң, Жаңақоныс, Шөменев елді мекендерінде;
15.10.2025 жылы Аққұм, Аламесек, Бұхарбай батыр, Еңбек, Жаңадария елді мекендерінде;
16.10.2025 жылы Аққыр, Жаңаталап, Мақпалкөл, Мәдениет, Мырзабай ахун елді мекендерінің ауыз су жүйелерінде жоспарлы күзгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмай-тындығын ескертеміз.
Анықтама тел: 8(72431) 31-5-45, 79-1-41, БИН: 191041027733.

«Қазушар» РМК «Сыр суы» филиалының «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті 15:00-ден 19:00-ге дейін	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №3	8(72431) 31-9-95 32-3-82

2025 жылы IV тоқсанда Ақсу ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Шілдебасев Марат Тыныштықбайұлы	Ауылдық округ әкімі	Жұма сағ.15.00-ден 19.00-ге дейін	Ақсу ауылы Т.Елеусінов көшесі №16	22-0-24

Білім

Шалғай ауылдағы орта мектеп

Әріптестеріммен елді мекендердің тыныс-тіршілігімен танысып, ондағы білім ошақтарының бүгінгі жай-күйінен хабардар болу үшін сапарымыз Жаңадария ауылында жалғасты. Шалғай ауылдағы алтын ұя ұстаздары шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытуда қажырлы еңбек етуде. Олар оқушыларды білім мен тәрбие арқылы тұлға етіп қалыптастыруда жауапкершілікті бірінші орынға қойған.



Алғашында бастауыш сыныптық, одан кейін сегіз жылдық негізгі білім беріп, 1970 жылдан бастап орта білім беретін білім ошағы әр жыл сайын жаңа белеске қол жеткізуде. Берікте мектеп жанынан 20 балаға арналған «Береке» шағын орталығы ашылған. Мұнда қазір 3 пен 5 жас аралығындағы балалар тәрбиеленуде.

Жалпы аталған мектеп жаңа оқу жылын 91 оқушымен бастаған. Мектеп директоры Мейрамбек Жамановтың айтуынша, 95 оқушының 6-ауы алғаш мектеп табалдырығын аттаса, 6 оқушы келер жылы мектеп бітіреді. Ал былтырғы оқу жылында 4 оқушы түлеп, ұлттық бірыңғай тестілеуге түгел қатысқан. Нәтижесінде 2 оқушы білім грантын жеңіп алса, 2-еуі ақылы негізде жоғары оқу орнына құжат тапсырған. Сондай-ақ «Алтын белгі» иегері атанған Ұлпан Амандық ұлттық бірыңғай тестілеуде 130 балл жинап, аядай ғана ауылдың емес, тұтас аудан абыройын асқақтатқан.



Аталған білім ошағында биыл ғылыми жоба, олимпиадаларда жүлдегер атанғандардың үлесі артқан, яғни ауылдағы алтын ұяның білімді жастары бірнеше рет жеңіс тұғырынан көрініп, ұстаздардың еңбегін еселей түсті.

Сөзімізді жаңа оқу жылы басталысымен «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты республикалық байқаудың облыстық кезеңінен II орын иеленген 9 сынып оқушысы Нұржан Қартаңбайдың жеңісі қуаттай түспек. Ол бұл сайыста «Автокөліктің қолданыстығы модельдерін әзірлеу» бағыты бойынша қатысқан.

Айта кетейік, мұнда балалар бір ауысыммен білім алады. Мектеп ұжымы оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында оларды спортқа, өнерге, шығармашылыққа баулу мақсатында түрлі үйірмелерге тарта отырып, жүйелі жұмыс істейді. Мұндағы жастар спортқа бейім. Сондықтан мектепте ашылған үйірмелердің басым көпшілігі спорт-

қа бағытталған. Үйірмелердің ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері де жоқ емес. Мектеп оқушыларының 80 пайызы сабақтан тыс уақытын аталған үйірмелерге арнайды.

Бүгінде мектепте 32 педагог жұмыс істейді. Оның ішінде 3 педагог-зерттеуші, 12 педагог-сарапшы, 10 педагог-модератор бар. Мектеп директорының айтуынша, мұнда жастардың салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған бір-қатар шара қолға алынған, яғни 2018 жылы мектеп жанынан дзюдо үйірмесі ашылып, жұмыс істеуде. Спорт мамандарының ұйымдастыруымен мектеп қабырғасында тұрақты түрде спорттық ойын түрлерінен жарыстар өткізіп тұрады. Ауыл жастарын аудандық сайыстарға қатыстыру, оларды ынталандыру, жаттықтыру жұмыстары күнделікті мектептің спорт залында жүргізіледі. Осы дзюдо күресіне қатысушы балалар бүгінде республика, облыс, аудан көлеміндегі турнирлерге қатысып, жүлделі орын иеленуде.

Ауылдағы білім ошағы барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, яғни оқушыларға жоғарыда аталған пәндерді заманауи үлгідегі құрал-жабдықтар арқылы тереңірек оқып-білуге мүмкіндік қарастырылған. Мұнда робототехника саласы да қарқынды дамыған. IT саласына қызығушылық танытып, осы бағытта білім алуға талап қылған оқушылар қатары артқан.

— Иә, біз — аудан орталығынан шалғай орналасқан елді мекенбіз. Әріптестерім бүгінде білім саласында үздіксіз қызмет етіп, ұстаздық жолда қаншама шәкіртті шыңдап, оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, қоғамға пайдалы тұлға қалыптастырып келеді. Әрине, шәкірттердің үздік болуы улағатты ұстаздардың біліктілігіне байланысты. Олар жыл сайын білім деңгейін арттырып, түрлі курстардан

өтеді. Ұстаздардан білім алған түлектер оларға деген алғысын мектепке қамқорлық жасау арқылы білдіруде. Мәселен, физика пәнінің мұғалімі болған ардагер ұстаз Қасым Өтегеновтің балалары мектепте физика кабинетін заманауи жабдықтармен қамтамасыз етті. Біздің ұжым үшін ең маңыздысы — ауыл балаларына сапалы білім беру. Биыл мектептен 6 түлекті үлкен өмірге қанат қақтырамыз. Олар 100 пайыз ҰБТ-ға қатысады. Түлектер қазіргі таңда күндіз-түні дайындық үстінде. Нәтиже жаман емес. Оқушыларымыз ай сайын Қызылорда қаласындағы «U-Study» тестілеу орталығына барып, тест тапсырады. Алғашқы тест сынақтарынан оқушылар орташа балл жинады. Діттеген мақсатымызға жету үшін дайындықты үздіксіз жүргізе береміз, — дейді мектеп директоры.

Мұнда оқушыларды сапалы ыстық тамақпен қамтамасыз ету де бізге түскен. Міндетті оқу қоры есебінен 57 бала ыстық тамақпен қамтылса, оның 41-і — бастауыш сынып оқушысы, ал қалғаны көпбалалы отбасылардан шыққан.

Айта кету керек, ауылдағы алтын ұяда жыл сайын «Мектепке жол» акциясы аясында қайырымдылық шарасын өткізу дәстүрге айналған. Игілікті іске демеушілік білдіріп, көмек қолын созатындар қатарында «Айбатыр» мен «Мәулен» жеке шаруақожалықтары бар.

Аядай ғана ауылдағы алтын ұяның бүгінгі тынысы осы. Оқушыларының білімге, спортқа, жаңашылдыққа жаны құмар. Олардың арманы асқақ, алға қойған мақсаты айқын. Ал ұстаздары жастарға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың талантын ұштап, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде қажырлы еңбек ете береді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Алғыр Алпамыс

Ел тұтқасы бүгінгі білімді ұрпақтың қолында. Сондай алғыр да ақылды жаспен біз де сұхбаттасып, оның қызығушылығы мен алдағы жоспарлары жайында әңгімелесіп қайттық. Бүгінгі кейіпкеріміз — №203 орта мектептің 6-сынып оқушысы Алпамыс Амангелдіұлы.

Алпамыс — сабағына ұқыпты, білімге құштар оқушы. Әсіресе ағылшын тілі пәнін ерекше жақсы көреді. Бұл пән оған тек сабақ емес, жаңа әлемге жетелеуші кілт іспеттес.

— Ағылшынша еркін сөйлей алмаймын, бірақ күн сайын жаттығамын, үйреніп жүрмін. Бүгінде ағылшын тілі — ғылым мен технологияның тілі. Бұл тілді меңгеру маған болашақта жаңа мүмкіндіктер береді, — дейді озат оқушы.

Әңгіме барысында айтылған ойларының астарында үлкен еңбек пен табандылық жатқанын аңғардық. Ол өткен оқу жылында 2-7 сынып оқушылары арасында өткен Зерде зерттеу жобалары байқауының аудандық кезеңінде ағылшын тілі пәні бойынша 2-орын иеленіп, өз білімін дәлелдеген. Әр жарысқа белсене қатысып, білімін сынап отырады. Бос уақытында ағылшын тілінде бейнероликтер көріп, жаңа сөздерді үйреніп жүр.

Айта кететін тағы бір жайт, Алпамыстың анасы — бастауыш сынып мұғалімі. Арман бастауы — анасының өнегесі. Кішкентайынан анасының сабақты қалай өткізетінін, балалармен қалай жұмыс істейтінін көріп өскен Алпамыстың болашақтағы арманы — ұстаз болу. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі атанып, шәкірттеріне тек тіл үйретіп қана қоймай, еңбектенуді және өзіне сенуді үйреткісі келеді.

Ізденімпаздығы мен табандылығының арқасында қазір түрлі сайыстарда жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүрген үлгілі шәкірт «ProCeco» жобасының аудандық кезеңінде «Мені қоршаған әлем — ғажа-

йып әлем» бағыты бойынша 3-орын иеленді. Бұл жетістік — оның қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен зерттеушілік қабілетінің дәлелі. Жас зерттеуші табиғатты қорғауды әр адамның парызы деп есептейді.

Оның бұл жетістіктері — бірнеше жылдық еңбектің жемісі. Алпамыс бастауыш сыныптан бастап-ақ білімге құштарлық танытқан. Бала кезінен 2-4 сынып оқушылары арасында өткен «Бастау» республикалық математикалық турнирінің аудандық кезеңінде 2-орын иеленген. Сонымен қатар мектептегі алғашқы жылдарынан-ақ поэзияға қызыға бастапты. Осы қызығушылығының арқасында «Мың бала» жобасы аясында өткен республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларында 3-орын иеленген.

— Алпамыс сабағын тиянақты оқиды, еркін уақытта стадионға барып, жаттығып қайтады. Әр істе ұқыпты, тәртіпке бағынады, қатарластарына өнеге болар бала, оның осыған дейінгі жетістігін тарқатсақ, айтар дүние көп. Біз осындай алғыр да озат оқушыларымызбен мақтанамыз, — дейді сынып жетекшісі.

Алпамыстың тек білімге ғана емес, спортқа да құштарлығы ерекше. Оған дәлел, балалар жылына орай ұйымдастырылған волейболдан аудандық жарыста үздік ойын көрсеткені үшін алған 3-дәрежелі марапаты. Осындай волейбол жарыстарынан кейін көбіне сыныптастарымен бірге футбол ойнайды.

Доп тебу — оның балалық шақтан қалыптасқан сүйікті ермегі. Мектепшілік жөне



аудандық жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсеткен кезі де аз емес. Ол әлемге әйгілі футболшылар Месси, Роналду, Арда Гюлердің ойынын ерекше ұнататынын айтты. Десе де әңгімесінен бұл оның қазіргі хоббиі ғана екенін аңғардық. Алпамыстың алға қойған негізгі мақсаты — жақсы білім алып, болашақта өз мамандығын табысты меңгеру.

Сабақ жайынан бөлек бала Алпамыс өз үйінде ат баптаумен де айналысады екен. Қазір бәрімізге мәлім мәселе, оқушылар алтын уақытын телефон мен ғаламторға арнап, заман ағымына еріп

кетіп жатады. Ал біздің бүгінгі алғыр кейіпкеріміз — ауыл тіршілігіне етене араласып, ата-анасына қолғабыс жасап жүрген еңбекқор бала.

Ат баптау — ауыл балалары үшін жай ғана міндет емес, ұлт рухымен ұштасқан тәрбие мектебі. Еңбек пен білімді қатар алып жүрген бүгінгі оқушымыз — ел ертені тірегі. Әр қазақ баласы осындай жауапкершілікті бала кезінен бойына сіңірсе, еліміздің ертені де нұрлы болмақ.

Гүлжан ЕСЖАН

Мәртебе

Бастауыш сынып – әр баланың білімге алғашқы қадам басатын кезеңі. Осы маңызды жолда ұстаздардың орны ерекше. Жаңадариядағы №203 орта мектеп мұғалімі Ғалияш Байкенжеева – тәжірибелі бастауыш сынып педагогы. Ол тек оқытушы ғана емес, балаларға үлгі болып,олардың шығармашылық қабілетін дамытуға тырысатын ұстаз.

Мұғалім мерейі



Аққолқа – іргесі 1968 жылы құрылған Жаңадария ауылдық округіне қараған елді мекен. Қазір бұл ауыл халқы аудан мен қалаға орналыстырылған. Еңбек жолын осы өңірден бастаған кейіпкеріміз — бүгінде 37 жылдық тәжірибесі бар өнегелі ұстаз. Бала кезінде медбике болуды армандаған мұғалім қазір мектеп есігін ашқан әр бүлдіршінді жылы шыраймен қарсы алып, білім әлеміне бастап жүр. Медбике мамандығына тапсыру үшін қажетті медициналық тексерістен өткенде жүрегіне байланысты рұқсат ала алмаған. Сол сәттен кейін арманына басқа жолмен жетуге бел буып, М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжге оқуға түсті. Осы шешімі оны болашақта шәкірттеріне білім мен мейірім сыйлайтын ұстаздық жолға жетеледі.

— Мектепті Шағандә бітірдім. 9-сыныптан кейін оқуға түскен сыныптастарымның ақ халатына қатты қызықтым. Денсаулығыма байланысты армандаған мамандығымға түсе алмасам да, кейін балалармен жұмыс істегенді ұнататынымды түсіндім. Бұл да өзіне тән қызық әрі маңызды тәжірибе екен. Уақыттың қалай өткенін байқамай қаласың, балалармен бірге болу әр сәтті бағалауды үйретеді, — дейді Ғалияш Түзелбайқызы.

Айта кетейік, ұлағатты ұстаз бүгінге дейін 10 сыныпқа жетекшілік еткен. Оның оқушылары Қазақстанның әр түкпірінде өз жолдарын тапқан, бірі — дәрігер, бірі — тілші, енді бірі мұғаліммен бірге иық тіресіп, бүгінгі таңда бір алтын ұяда қызмет атқарып жүр. Осындай шәкірттердің табысы ұстаздың адал еңбегі мен мейірімінің жемісі екенін айқын дәлелдейді.

Шынайы ұстаздың ең үлкен марапаты шәкірттерінің жетістігінде. Оқушылары қазіргі кезде аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларда көш бастап, өз білімдері мен шеберліктерін көрсетіп жүр. Өткен жылы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында өткен сайыста оқушылары «Менің отбасым және Отаным — Қазақстан» тақырыбындағы сурет көрмесіне қатысып, ауданнан үздік деп танылып, облысқа жолдамға алды. Сондай-ақ сайыста олар 2-орынға тұрақтап, өнерін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ғылымға бет бұрып келе жатқан бір топ оқушысы аудандық сайыстарда жүлделі орындармен марапатталса, білімге ден қойған озат шәкірттері 2-4 сынып оқушыларына арналған «Бастау» республикалық олимпиадасының жүлдегері атанды.

Жалпы ұлағатты ұстаз шәкірттерінің жетістіктерін жағасы көп-ақ. Былтыр алғаш қадамына өзі куә болған мектеп бітіруші түлегі ұлттық бірыңғай тестілеуден 130 балл жинап, «Алтын белгі» иегері атанды. Кеудесін мақтаныш көрнеп баяндаған ұстаз үшін бұл — ең үлкен қуаныш. Әрқайсысының шыққан биігі жүрегің шаттыққа бөлейтінін айтады.

— Бастауыш сынып болғандықтан қызықты сәттер өте көп. Пысығы да, төнтегі де болады. Бір оқушым бар еді, сабақты нашар оқытын. Әжесі көрген сайын «Мына бала қалай болады, алып қалып оқытшы, үйден оқытсаң қалай болады?» деп алаңдайтын. Мен бар білетінімді үйретіп жүрдім. Барлық бала бірдей емес, қабілет те әртүрлі, сондықтан «уайымдамаңыз, келешекте бір үйді асырайтын азамат болады» деп кеңес бердім. Көп ұзамай сол оқушым әскери борышын өтеп, сол салада қызмет етіп келеді. Айтқанымдай, отбасының қамын ойлап, бүтін бір шаңырақты асырап отыр. Сол кездегі әке қазір бар, жолығып қалсақ, айтып жүреді, — дейді тәжірибелі педагог.

Ғалияш Байкенжеева үнемі ізденісте жүріп, бастауыш сынып оқушыларына білім берудің ең тиімді жолдарын қарастырады. Ауданда өткізілетін мұғалімдер арасындағы сабақтарға белсенді қатысып, тәжірибе алмасып, кәсіби деңгейін көтеруге ұмтылады. Өткен жылы «Заманауи оқыту әдістері, тәжірибе және инновация» тақырыбындағы аудандық тәжірибе алаңында жұмысын көрсетті. «Listen study» мақсатын тиімді пайдаланып, оқушыларды деңгейлерге бөле отырып жаңа білім мен дағдыны меңгертіп келеді. Сондай-ақ « Бастауыш сыныпта жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқыту жолдары» атты әдістемелік құралға енген.

— Әдістемелік құралға математика пәні бойынша 1-3 сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған логикалық тапсырмалар ұсындым. Бұндай есептер білім алушыларды белсенділікке тәрбиелейді, өз бетінше іздене білуге дағыландырады, икемділік пен шеберлікке баулиды. Әр сабақта осы әдісті жиі қолданамын. Оқушылардың ынтасын, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға әбден болады. Ойын сабақтарымен қатар логикалық есептерді берген уақытта оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге деген қабілеті дами түседі. Сыныбымда 13 оқушы бар. Әр сабақ соңында осы әдісті үздіксіз жүргіземін, олар да берілген тапсырмаларды орындауға әбден машықтанған, — дейді тәжірибелі мұғалім.

Білім мен білік әрдайым ұстазды биік шыңдарға жетелейді. Өзі қалаған мамандыққа түсе алмаса да, бүгінгі таңда үлкен ұлы медицина саласында жүрек дәрігері болып қызмет етуде. Кезінде армандаған белесін баласы бүгінгі күні бағындырып отыр.

Білім беру ешқашан оңай іс болмаған. Кейіпкеріміз — жан-жақты, жаңашыл ұстаз. Зейнет жасына жақындаса да, оның идеялары моң, тәжірибесі бай. Білім саласындағы қажырлы еңбегі өлеңіп, өткен оқу жылында «Үздік сынып жетекшісі» деп танылды. 40 жылға жуық шәкірт шыңдап келе жатқан ұстаздың жас ұрпаққа жолы — өнеге, шәкірттері үшін болашағына жөн сілтейтін бағыт.

Г.ЕСЖАН

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1733